



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«АДАМИ КАПИТАЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР
ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«HUMAN CAPITAL AS THE MAIN FACTOR OF ECONOMIC
DEVELOPMENT»**

Астана

20 қазан 2022

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

А 24

Рецензенты: профессор «Esil University», д.э.н. Галиева А.Х.
профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, д.э.н.
Шалболова У.Ж.

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Байжолова Р.А. – д.э.н., профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Исаева Б.К. – PhD., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

ISBN 978-601-337-744-5

«Адами капитал экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -330б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Человеческий капитал как основной фактор экономического развития». – Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -330с.

Works of the International scientific and practical conference «Human capital as the main factor of economic development». - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -330p.

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

ISBN 978 – 601 – 337 – 744 – 5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК ЕҢБЕК ПОТЕНЦИАЛЫН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Жантелеуова Гүлден Меңдіханқызы

zhanteleuova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің докторанты,
Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ш.Ш.Турмаханбетова

Еңбек потенциалы - қоғамның инновациялық дамуы мен халықтың өмір сүру деңгейінің өсу шарты, экономикалық өсудің ең маңызды факторы болып табылады. Әлемдік тәжірибеде кеңінен таралған әдіс - еңбек потенциалының белсенділігін әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту арқылы жоғарлату. Бірқатар шет елдерде еңбек потенциалының пассивті бөлігін дамытудың негізгі бағыты ретінде әлеуметтік кәсіпкерлікті пайдалану тәсілі қолданылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамда қалыптасқан әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған бизнес түрі. Ол – әлемде кеңінен таралған ұғым болғанымен, Қазақстан үшін жаңа тренд. «Әлеуметтік кәсіпкерлік» деп аталатын жеке категория болмағандықтан, бизнестің бұл түрін сипаттайтын нақты статистика жоқ. Тек өткен жылы Gladway әлеуметтік бағдарламалар мен медиажобаларды дамыту қоры мен SAP ТМД компаниясының бірлескен зерттеу жобасы аясында Қазақстан мен Ресейдегі әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымының таралуы зерттелген.

«Кәсіпкерлік» түсінігі кәсіпкердің энциклопедиялық сөздігінде былай деп жазылған: «кәсіпкерлік» (ағылшынша *enterprise*) – пайда немесе жеке табыс алу мақсатында бағытталған, кез-келген азаматтың таңдаған өзіндік қызметі [1].

Егер әлеуметтік кәсіпкерлік Ресейде 10 жыл бойы, Қырғызстанда - 7 жыл бойы жұмыс істеп келе жатса, Қазақстанда ол дамудың алғашқы кезеңінде. Ресми мәліметтер бойынша, Қазақстанда 150-ге жуық әлеуметтік кәсіпкер бар, бей ресми мәліметтер бойынша 500-ге жуық әлеуметтік кәсіпкер бар.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бизнестің қоғам үшін маңызды мәселелерді шешуді мақсат еткен ерекше саласы. Ең алдымен, бұл ұғым кәсіпкерліктің бір формасы болғандықтан, ол пайда табуға негізделеді. Бұл оның қайырымдылықтан айырмашылығын айқындап береді. Өйткені қайырымдылық – пайда табу мақсатынсыз, жобаға салған ақшасы мен көмегі қайтарымсыз негізде жүретін мүлде бөлек категория. Әлеуметтік кәсіпкерлік көбіне, қоршаған ортаның экологиялық ахуалын жақсарту, абақтыдан шыққан азаматтарды қоғамға бейімдеу, балалар демалысын тиімді ұйымдастыру сияқты қоғамда шешімін таппай қалған мәселелерді шешуге жұмыс істейді. Дәстүрлі әдістерге қарағанда, мұнда көбіне «әлеуметтік инновациялар» қолданылады. Ол экономиканы әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, халықтың осы санаттарының қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын қолжетімді тауарлар мен қызметтерді өндіруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды жұмыспен қамту

арқылы халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Қазақстанда 2021 жылғы 6 шілдеден бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қолданысқа енгізіледі [2].

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары және өзге де ұйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады. Сонымен, әлеуметтік кәсіпкерлік - бұл азаматтар мен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ететін, белгілі бір шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет.

2021 жылғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 696825 мүмкіндігі шектеулі адам тұрады - бұл халықтың 3,5%-дан астамы, олардың 66%-ы еңбекке қабілетті жаста, 47%-ы жұмыс істей алады. Жұмыспен қамтылған мүгедектердің саны шамамен 82 мың адамды құрайды - еңбекке қабілетті мүгедектердің жалпы санының 43,5% болып отыр [3].

Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі міндеттері:

- кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік мәселелерді шешуге, оның ішінде әлеуметтік инновацияларды енгізу және әлеуметтік қызметтер көрсетуге жәрдемдесу арқылы қатысуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ретте әлеуметтік инновациялар деп қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді туындататын әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге ықпал ететін жаңа идеялар, стратегиялар, технологиялар түсініледі;

- халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және олар үшін қоғамдық пайдалы қызметке қатысу үшін басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасау;

- әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері өндіретін тауарларды, орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді нарыққа, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарының және (немесе) отбасы мүшелерінің жеке еңбегімен қатысуы арқылы.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, бір жағынан, мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігі, екінші жағынан - әлеуметтік орнықтылықты қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасына әсер ететін неғұрлым өткір әлеуметтік проблемаларды нақты шешуге мемлекеттік инвестициялардың нысаны болуы мүмкін.

Іс жүзінде әлеуметтік кәсіпкерлер жұмыс істей алатын салалар шектеусіз. Мысалы:

- экологиялық проблемаларды шешу-қалдықтарды қайта өңдеу, экологиялық білім беру, эко-туризм, көлік-экологиялық проблемаларды атаулы шешуге арналған барлық әлеуметтік-кәсіпкерлік модельдері;

- экономикалық дамуды ынталандыру, әсіресе шалғай өңірлердегі аудандар мен ауылдық аумақтарды жандандыру;

- кедейлікті азайту-әлеуметтік кәсіпорындар кедейлікпен күресіп, кәсіби дайындықты, дағдыларды, ресурстарды және тұрақты табыс алу үшін тиісті мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, қол жетімді баспана салады және кедейлерді кедейліктен арылту үшін тиісті қолдау жүйелерін қолданады;

- қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету (ауылдық жерлерде, көшіп келушілер, аз қамтылған отбасылар, зейнеткерлер үшін) және денсаулық сақтау үшін қажетті басқа да салалар.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тұрақты аймақтық дамудың бір факторы. Өйткені адам өзінің әл - ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартады. Миссияның негізгі бағыттары: әлеуметтік, мәдени немесе экологиялық өзгерістер болып табылады. Әлеуметтік кәсіпкерлер белгілі бір адамдар тобы арасында немесе белгілі бір аумақта сапалы өзгерістер тудырады. Әлеуметтік кәсіпкерлік қызмет инвестициялық сипатпен сипатталады: қысқа мерзімді нәтиже немесе пайда күтпеу принципі, әлеуметтік саладағы құрылымдық өзгерістер, ұзақ мерзімді нәтижелерді алуға ұмтылу, тұрақты даму идеяларын жүзеге асыру жатады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік пен дәстүрлі коммерциялық қызметтің басты айырмашылығы - орталық әлеуметтік мақсаттың немесе әлеуметтік миссияның болуы және басымдығы [4].

Әлеуметтік тиімділікті бағалау өмір сапасын жақсарту көрсеткіштеріне, экономикалық тиімділікті өлшеу - жобаның экономикалық табыстылығына негізделеді. Тиімділікті бағалау әлеуметтік кәсіпорындар үшін өте маңызды. Тиімділік көрсеткіштері ұйымның күшті және әлсіз жақтарын, басқарудағы жетістіктер мен сәтсіздіктердің көрсеткіштері ретінде қызмет етіп, қауіптер мен жаңа мүмкіндіктерді көрсетеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік-бағдарланған бизнес құрылымдары қызметінің инновациялық нысаны бола отырып, ұзақ мерзімді әлеуметтік қайта құрулардың катализаторы ретінде әрекет етеді және отандық экономиканың әлеуметтік секторларының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді [5].

Әлеуметтік кәсіпкерлік қол жетімді өндірісті қамтамасыз етуде халықтың әлеуметтік осал топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді. Әлемдік тәжірибеде әлеуметтік кәсіпкерлік жұмыспен қамтудың қосымша құралы ретінде, ал кейде еңбек нарығында қолайсыз жағдайдағы және еңбек потенциалының пассивті бөлігіне жататын адамдарды әлеуметтік қолдаудың мемлекеттік институттарына балама ретінде қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Синельников С.М., Соломоник Т.Г., Янборисова Р.В. Энциклопедический словарь предпринимателя //СПб: “Алга - фонд”, “АЯКС”. 1992. -С.137-138.

2. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам предпринимательства, социального предпринимательства и обязательного социального медицинского страхования». Нур-Султан, Акорда,

3. <https://webmaster.yandex.kz/siteinfo/?site=stat.gov.kz>

4. Khasanova G.N. Social Entrepreneurship - Economic and legal analysis of the Definition and Characteristics // QUID- INVESTIGACION. - 2017. Issue №1. -P. 1452-1462.

5. Гафарова Д.А. Социальное предпринимательство и проблема формирования предпринимательской компетенции студентов вузов //Вестник СибГИУ. №3 (13). 2015. –С.61–64.

ӘОЖ 3.33.336

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫСТАРДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Жунусова Раушан Мустафиевна

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ-ң доценті,
Астана қ., Қазақстан

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында мемлекеттік шығындардың бірқатар басым бағыттары көзделген, оларға мыналарды жатқызуға болады:

- әлеуметтік жаңғырту және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру;
- экономиканы жаңғырту және әртараптандыру (диверсификациялау);
- тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын сапалы жаңарту [1].

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасына сәйкес бюджет кірістерінің жалпы сомасы 54179 млрд теңге мөлшерінде болжанып отыр, олардың өсу қарқыны тиісінше жылдар бойынша 102,0% және 104,6% құрайды [2].

Республикалық бюджеттің шығындарына қатысты айтатын болсақ, олардың жалпы сомасы қарастырылып отырған үш жылда 64 519 млрд. теңге болды. Басқа сөзбен айтқанда, шығындар сомасы бюджет табысынан 10 трлн.теңгеден астам сомаға артқан. Атап өтетіні, шығындардың өсім қарқыны табыстардың өсім қарқынынан алда болған. Бұл өз кезегінде маңызды бюджеттік бағдарламалардың қаржыландырылуына теріс әсер етеді, оның ішінде ең бастысы әлеуметтік сфераға әсерінің теріс болғандығы.

Аталған өзгерістердің барлығы төмендегі 1 кестеде келтірілген. Белгілі болатынындай, әлеуметтік саланың жұмыс істеуінің негізгі шарты оны қаржылық қамтамасыз ету болып табылады. Әлеуметтік саланы қаржылындару көлемі 1 кесте деректерінде келтірілген.

Кесте деректері көрсетіп тұрғандай, мемлекеттік шығын көлемі жылдар бойынша келесідей жобаланған: 2023 жылға 20,6 трлн. теңге, 2024 жылы – 21,4 трлн. теңге немесе 2023 жылғы деңгейден 4,0%- ға жоғары және 2025 жылы-22,5 трлн. теңге, бұл 2024 жылғы шығындар деңгейінен 4,8%-ға артық [3].